

теңіз жағалауында орналасқан. Терминалдардың жалпы өнімділігі мұнайды тәулік бойы алудан 3,5-4 млн. баррельге көп. Соған қарамастан Сауд Арабиясы оңтүстік шығыстан Йеменге Араб теңізінен құбыржелілердің құрылысын салу жоспарлауда.

Қазіргі кезде елде екі мұнай құбырлары әрекет етеді. East-West Crude Oil мұнай құбыры негізінен жеңіл және аса жеңіл мұнайды тасымалдау үшін қолданылады. Petroline 1981 жылы салынған, өнімділігі тәулігіне 1,85 млн. баррель. Мұнай диаметрі 48 дюйм құбыр бойынша тасымалданады. 1987 жылы диаметрі 56 дюйм параллель құбыр тұрғызылған, оның өнімділігі күніне 3,2 млн. баррель. Янба портынан Азияға мұнайды жеткізу 5 күннен көп уақыт алады, себебі танкерлер Баб эль Мандеб бұғазысынан өтуі керек. Сонда Парсы шығанағынан мұнайды тасымалдай отырып, кеме Ормуз бұғазысы арқылы өтеді, ол аз уақытты талап етеді. Petroline мұнайды қотарумен жартылай ғана тиелгендіктен, газды тасымалдау үшін бірінші құбырды қайта қамдау басталды.

Petroline мұнай құбырына параллель өнімділігі күніне 290 млн. баррель құбыржелісі арқылы өтеді. Сонымен қатар Сауд Арабиясының территориясы бойынша екі мұнай құбыры өтеді, олар бойынша қотару 1990 жылдан бастап жүргізіледі. Бұл Trans-Arabian Pipeline 1950 жылы Ливан порттарынан Жерорта теңізі мен Иорданияға НПЗ-ға мұнайды тасымалдау үшін арналған. Екінші құбыржелісі Иракпен шекарадан Қызыл теңізде экспортты терминалдарға дейін барады.

Газ. Газдың дәлелденген қоры 224,7 трлн. куб.футқа бағаланады. Бұл ел әлемде Ресей, Иран және Катардан кейін төртінші орынға ие. Қорлардың үштен екісі ол ілеспе газдар. Ghawar кен орны елдің газ қорларының үштен біріне ие. Табиғи газдың үлкен бөлігі Ghawar кен орнының мұнай өндіріп жүретін құрылымдарының астында орналасқан. Газдың басқа үлкен кен орны Dorra, Khafji мұнай кен орнының жанында орналасқан. Шет ел компанияларымен бірігіп газды кен орындарын игеру жоспарлануда: South Ghawar газ құбырларының, электрэнергиясын өңдеу бойынша екі заводтың және басқа мұнай заводтарының құрылысымен; Қызыл теңіздің жағалауындағы Barqan және Midyan және басқа да бірқатар ірі жобалар. Сауд Арабиясы 2009 жылға газды алуды күніне 15 млрд куб футқа жеткізіп, оны үш есеге жоғарылатты.

Бақылау сұрақтары:

1. Мұхит түбінің құрылымдары қандай, және ол қандай морфологиялық элементтерден тұрады?
2. Мұнай мен газды барлау және өндіру жүргізілетін кейбір теңіздердің орташа тереңдіктерін айтып беріңіз.
3. Әлем мұхитының қай континентальды шельфтері өте бай аудандар болып саналады?
4. Каспий теңізінде Қазақстан секторының кен орындарды меңгеруінің болашағы қандай?